

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1242 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:  
IV "Шығындар" деген бөлімде:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" деген функционалдық топта:

06 "Жалпы кадрлық мәселелер" деген ішкі функцияда:

608 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі" деген әкімші бойынша:

001 "Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген бағдарлама бойынша:

001 "Орталық органның аппараты" деген кіші бағдарламада "44707" деген сандар "44299" деген сандармен ауыстырылсын;

002 "Аумақтық органдардың аппараты" деген кіші бағдарламада "63124" деген сандар "67251" деген сандармен ауыстырылсын;

009 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" деген кіші бағдарламада "6934" деген сандар "3215" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 376-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 5-жолдың 5-бағанында ", копировалды техника - 16 дана" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК